

"Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 қаңтардағы № 241 Жарлығы
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі № 648 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 27, 331-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтың 15) тармақшасындағы "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне ерекше мәртебе берілсін." деген сөздер "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетіне ерекше мәртебе берілсін."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ